

Байзақ ауданындағы Көктал ауылының шекарасын өзгерту туралы

Бірлескен Жамбыл облысы Байзақ ауданды әкімдігінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 714 Қаулысы және Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 7-10 Шешімі. Байзақ аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 31 шілдеде № 6-2-145 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 13) тармақшасы, 31 бабы 1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, басқару органдарының пікірін ескере отырып Байзақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ** және Байзақ аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Байзақ ауданындағы Көктал ауылының аумағында орналасқан ортақ пайдаланудағы жерден жалпы көлемі 59,78 гектар жер учаскесі Көктал ауылына қосылып, шекарасы қосымшаға сәйкес өзгертілсін.

2. Осы бірлескен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы *Аудандық мәслихат*
Ш. Әшім

хатшысы *Аудандық мәслихат*
Н. Үкібаев

Аудан әкімі *М. Шүкеев*

Бірлескен *Байзақ* аудандық
әкімдігінің *2012* жылғы *29* қарашадағы
№ *714* қаулысы мен *Байзақ* аудандық
мәслихатының *2012* жылғы *27* маусымдағы
№ 7-10 шешіміне қосымша

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Көктал ауылдық округінің Көктал ауылының елді мекенінің Экспликациясы

№	Жер телімдері мен пайдаланушылардың атауы	Жоспардағы жалпы жерлер, гектар	Ауылшаруашылық алқаптар		Көп жылдық екпелер		Шабындық		Жайылым	
			Барлығы	Оның ішінде суармалы	Барлығы	Бақтар	Барлығы	Оның ішінде	Барлығы	Оның ішінде Жақсартылғандары
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	2010 жылғы жер балансы бойынша барлығы	225	-	-	-	-	-	-	116	-
2	Көктал ауылының шегарасы	109	-	-	-	-	-	-	-	-
3	Көктал ауылының шегін кеңейтуге берілген жерлер	59,78	-	-	-	-	-	-	57,97	-
4	Оның ішінде:		-	-	-	-	-	-		-
5	Көктал ауылының жерлері	5,48	-	-	-	-	-	-	5,48	-
6	Көктал ауылының шегі өзгертілгеннен кейінгі жер көлемі	168,78	-	-	-	-	-	-	57,97	-

кестенің жалғасы:

№	Жер телімдері мен пайдаланушылардың атауы	Барлық ауылшаруашылық алқаптары	Орман қорына кірмеген алқаптар	Жолдар астындағы жерлер	Үй іргесіндегі жер телімі	Каналдар астындағы жерлер	Ғимараттар астындағы жерлер	Саздар	Басқа жерлер
1	2	13	14	15	16	17	18	19	20
1	2010 жылғы жер балансы бойынша барлығы	116	-	39	68	-	2	-	
2	Көктал ауылының шегарасы	-	-	39	68	-	2	-	
3	Көктал ауылының шегін кеңейтуге берілген жерлер	57,97	-	-	-	1,5	0,01	-	0,3
4	Оның ішінде:		-	-	-	-	-	-	
5	Көктал ауылының жерлері	5,48	-	-	-	-	-	-	

6	Көктал ауылының шегі өзгертілгеннен кейінгі жер көлемі	57,97	-	39	68	1,5	2,01	-	0,3
---	--	-------	---	----	----	-----	------	---	-----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК